

6B01205 – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ		<i>Еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес мектепке дейінгі білім беру саласындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін тәрбиелеу-білім беру процесін жобалау және ұйымдастыруға қабілетті құзыретті мамандарды дайындау.</i>
БІЛІКТІЛІК СИПАТЫ	БЕРІЛЕТІН ДӘРЕЖЕ	<i>Білім бакалавры</i>
	КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ	<i>- әртүрлі және типтік мектепке дейінгі ұйымдардың оқу процесін жобалау; - оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік даму проблемалары туралы педагогикалық зерттеулер; - мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру қызметінің дамытушы оқу бағдарламаларын әзірлеу.</i>
	КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ НЫСАНЫ	<i>әртүрлі және типтік мектепке дейінгі ұйымдар (балабақшалар, бөбекханалар, сәбилер үйі), педагогикалық колледждер, білім беруді басқару департаменттері, білім беру жүйесі кадрларын қайта даярлау және біліктілікті арттыру институттары</i>
БІЛІМ БЕРУ ТРАЕКТОРИЯЛАРЫ		<i>Әдіскер-тәрбиеші Тәрбиеші-психолог</i>
ТРАЕКТОРИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ		<i>— мектепке дейінгі білім беру үдерісін әдістемелік қолдауға бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асыру; — «әдіскер-тәрбиеші» білім берудің жаңа мазмұнын түсіну және ұғыну; — жас ерекшеліктерін және жеке ерекшеліктерін ескере отырып мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауға бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асыру; — жеке тұлғаға бағытталған білім беруді жүзеге асыру арқылы жеке және сараланған амалдар.</i>
БІЛУІ ТИІС:		<i>— мектепке дейінгі білім беру мәселелері бойынша әдістемелік нұсқаулықтар, білім беру бағдарламалары, стандарттар,</i>

«ӘДІСКЕР-ТӘРБИЕШІ» ТРАЕКТОРИЯСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ		<p>нормативтік және құқықтық құжаттар; — мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің басым бағыттары; — Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі мектепке дейінгі ұйымның маңызы мен орны; — мектепке дейінгі білім беру саласында қазіргі технологиялар мен инновациялар; — мектепке дейінгі білім беруді басқарудың құрылымын және ұйымдастырушылық құқықтық базасын.</p>
	ІСТЕЙ АЛУЫ ТИІС:	<p>— мектепке дейінгі білім берудің мамандарының және мектепке дейінгі ұйымдардың үздік тәрбиешілерінің тәжірибелерін игеру; — тәрбиелік-білім беру үдерісінің психологиялық-педагогикалық сараптамасын жүргізу; — балалардың даму диагностикасын жасау, балалармен тәрбиелік-білім беру жұмысын талдау.</p>
	ДАҒДЫЛАРДЫ МЕНҒЕРУІ ТИІС:	<p>— компьютерлік және коммуникативтік сауаттылықты; — сын тұрғысынан ойлауды дамыту мен қалыптастыру бойынша мектеп жасына дейінгі балалармен сабақтарды ұйымдастыру және өткізуді; — мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғааралық және топтық өзара әрекеттестігін; — мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелік-білім беру үдерісіне инновацияны енгізу нәтижелерінің талдауы мен бағалануын.</p>
«ТӘРБИЕШІ-ПСИХОЛОГ» ТРАЕКТОРИЯСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕР	БІЛУІ ТИІС:	<p>— білім беру үдерісінің субъектісі ретінде баланың жас ерекшелік және жеке ерекшеліктерін; — түзете-дамыту білім беру кеңістігінің мазмұны мен формаларын; — мектепке дейінгі ұйым психологының ерекшелігін, формаларын, әдістерін және қабылдау кестесін; — тұлғаралық және топшілік қатынастардың заңдылықтарын білу</p>
	ІСТЕЙ АЛУЫ ТИІС:	<p>— мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің әр түрінде психологиялық-педагогикалық білімді қолдануды; — психологиялық дамытушы ортаны орнатуды;</p>

		<ul style="list-style-type: none"> — ерте жас пен мектеп жасына дейінгі балалармен, ата-аналармен, әріптестермен педагогикалық қатынастарды жүзеге асыруды; — мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасын жасауды.
	<p align="center">ДАҒДЫЛАРДЫ МЕНҒЕРУІ ТИІС:</p>	<ul style="list-style-type: none"> — мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеуде денсаулықты сақтау технологияларын қолдануды; — білім беру кеңістігінің субъектілерінің түзетулерін, психологиялық-педагогикалық әдістерін қолдануды; — компьютерлік және коммуникативтік сауаттылықты.